



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2020 жылға Қазақстан Республикасы
халқының көші-қоны

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформаларагенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Айдарбекова Жұлдыз Әділханқызы

S.1.4 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8 Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

zhu.aidarbekova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 (7172) 74 95 40

S.2 Өзектілік- кіріспе

Халықтың көші-қоны туралы статистикалық деректер елдің халқы туралы маңызды ақпаратты қамтамасыз етеді. Ел халқының саны мен сипаттамалары туралы уақтылы ақпарат алу - әлеуметтік-экономикалық

дамуды жоспарлау және негізделген шешімдер қабылдау үшін алғышарт болып табылады. Халықтың көші-қоны туралы статистикалық деректер және оларды кейіннен талдау мен түсіндіру көші-қон саясаты саласындағы бағдарламаларды жүзеге асыруға бақылауда қоса алғанда әлеуметтік экономикалық жоспарлардың орындалуын бағалау және нысаналы көрсеткіштерді белгілеу, көші-қон өсімі, сондай-ақ кету бойынша қарқындылық коэффициенті, келу бойынша қарқындылық коэффициенті сияқты маңызды демографиялық көрсеткіштерді өлшеу үшін маңызды болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

30.04.2020

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

30.04.2020

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңарту

30.04.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Халықтың көші-қоны, келгендер, кеткендер, көші-қон сальдосы, ішкікөші-қон, сыртқы көші-қон, өңіраралық көші-қон, өңірлік көші-қон

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Көші-қон статистикасы бойынша деректерді қалыптастыру кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЕЖ - Елдер жіктеуіші;

Аталған жіктеуіштер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) www.stat.gov.kz Интернет ресурсындағы басты бетте «Жіктеуіштер» бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Азаматтардың келу және кетуі бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасының ПМ "Халықты құжаттандыру мен тіркеу тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - ПМ ХҚТТП) беріледі: шетелдіктердің келуі мен кетуін статистикалық есеп алу талондарын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің аумақтық бөлімшелері тиісті аудандық және қалалық статистика басқармаларына есепті айдан кейінгі айдың 6-күнінен кешіктірмей жібереді. Келу және кетудің статистикалық есепке алу талондарын қабылдау-тапсыру актісі екі данада жасалады, оның бірі тіркеу органдарында, ал екіншісі аумақтық статистика органдарына жіберіледі.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

- 1) Халықтың көші-қоны көрсеткіштерін қалыптастыру үшін негіз адамдардың (көшіп-қонушылардың) тұрғылықты орнын ауыстыра отырып, сол немесе басқа өңірдің шекарасы арқылы қозғалуы болып табылады. Келген және кеткен адамдар саны ішкі істер органдарының көші-қон полицияларынан келіп түсетін, халықты тұрғылықты орны бойынша тіркеу кезінде құрастырылатын келу және кетудің статистикалық есепке алу талондарын өңдеу нәтижесінде анықталады. Ағымдағы статистикалық есепте келу және кету саны тіркеледі және айырмасы бойынша не оң не теріс қосықпалық салықталып қалыптастырылады.
- 2) Ел, өңір немесе елді мекен деңгейінде көші-қон ахуалын талдау үшін қолданылатын халық көші-қонының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштері аумақ халқы қозғалмалылығының жалпы деңгейін ауқымын, құрылымын, сол немесе басқа уақыт кезеңі үшін көші-қон ағындарының бағытын және нәтижелілігін сипаттайды.
- 3) Байқау типі: жаппай, іріктемелі зерттеулер өткізілмейді. Көші-қонның негізгі көрсеткіштері мыналар болып табылады: келгендер саны (келу); кеткендер саны (кету); көші-қон салықталымы.
- 4) Көші-қон қарқындылығының көрсеткіштері тұтастай халықтың белгілі бір кезеңде тұрғылықты орнын ауыстыру жағдайының жиілігін сипаттайды. Көбінесе 1 000 тұрғынға шаққандағы көші-қон қарқындылығының жалпы жылдық коэффициенттері пайдаланылады.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасының тұрақты тұрғындары.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Іріктемелі зерттеу өткізілмейді

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық аудандары, облыстары, республикалық маңызы бар қалалар мен астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда көші-қон статистикасы бойынша зерттеу 1991 жылдан бастап жыл сайынғы

негізде жүргізіледі. 1991-2020 жылдарға уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып есептеледі.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам және 1000 адамға

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дерек көздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы

статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы

2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

8. ҚР ҰЭМ СК төрағасынаң 2016 жылғы 28 қарашадағы №276 бұйрығымен бекітілген Халықтың көші-қонының негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы. Оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялығы мен қорғау кепілдігі қамтамасыз етіледі

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі –Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында

қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ

www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастарлығы.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген көлемде таратуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурсында орналастыру арқылы пайдаланушыларға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды және сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратты және статистикалық әдіснаманы қамтамасыз етеді.

ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz. сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Демографиялық статистика / Статистика/ Бюллетендер/ ҚР Халқының көші-қоны.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл, тоқсан

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз хабарламалары қалыптастырылмайды.

S.11.2 Жарияланымдар

1) "ҚР халқының көші-қоны" статистикалық бюллетені ҚР СЖЖРА ҰСБ Интернет ресурсында, Ресми статистика – Салалар бойынша – Демографиялық статистика –Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;

2) "Қазақстанның демографиялық жылнамалығы" мен "Қазақстан жастары" статистикалық жинақтары ҚР СЖЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Ресми статистика /Салалар бойынша /Демографиялық статистика /

Жарияланымдар статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырған

3) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелері ҚР СЖЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында, Ресми статистика / Салалар бойынша / Демографиялық статистика бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 Онлайн деректер базасы

"Талдау" ақпараттық - талдамалық жүйесі /Демографиялық статистика/Халықтың көші-қоны

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Микродеректерге қолжетімділік жоқ. Деректер қорын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «28» қарашадағы № 276 бұйрығымен бекітілген Халықтың көші-қонының негізгі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында Әдіснама/ Демографиялық статистика статистикасы бөлімінде орналастырылған;

2) "Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл" төртінші басылым, толықтыру. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет ресурсында "Әдіснама" бөлімінде орналастырылған;

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1) ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.

2) ҚР СЖЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.

3) Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Демографиялық статистика бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы қабылданған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

- ұлттар, әкімшілік-аумақтық бірліктер және елдер бойынша стандартты статистикалық жіктелімді қолдану;

- бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;

- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (әкімшілік деректермен серпінде, салааралық).

S.13.2 Сапаны бағалау

Көші-қон статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19

наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 5 желтоқсандағы № 301 бұйрығымен бекітілді.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: ТМД Статкомитеті, ЕЭК, ҚР мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 "Пайдаланушыларға сауал салу" сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпараттарды пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес


Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)


S.15.1 Жалпы дәлдік

Көші-қон процестеріне талдауды жүзеге асыру үшін белгілі бір кезеңдегі жиынтықта халықтың көші-қон оқиғаларының жиілігін сипаттайтын бірқатар салыстырмалы көрсеткіштер қолданылады.

Барлық ағындар бойынша сыртқы көші-қон сальдосы



Барлық ағындар бойынша сыртқы көші-қон сальдосы, мың адам



Графикте көрсетілгендей (2000-2020 жылдардағы серпін) Қазақстанның көші-қон сальдосының 10 жылдан астам теріс мәні бар. Ең көп теріс мәндер 2000-2003 жылдары болды. 2004 жылдан 2011 жылға дейін Қазақстанда көші-қонның оң сальдосы қалыптасты. Алайда, 2014 жылдан бастап көші-қон сальдосының теріс мәні бар, олар жыл сайын артып келеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша көші-қон ағыны өткен жылмен салыстырғанда 46,3% - ға қысқарды. 2020 жылға көші-қон сальдосы - 17,7 мың адамды құрады. Соңғы бірнеше жылда алғаш рет кетушілер саны 35,7% - ға қысқарды. Бұл әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да адамдардың жүріп-тұруы және шекараларды жабу жөніндегі шектеу шараларымен байланысты болуы ықтымал.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Қолданылмайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Қолданылмайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды.

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S. 16.1 Уақыттылық

Жариялау күні 09.04.2021

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап «Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны» бюллетенінің бірінші жариялануына дейінгі алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орта есеппен 40 күнді құрайды. Бюллетеньде нәтижелер Статистикалық жұмыстар жоспары бойынша жыл сайын 9 сәуірде жарияланады, олар түпкілікті болып табылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер түпкілікті болып табылады

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы №76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы

күндер сәйкес келеді, 2020 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымды шығару келесі күнге ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер өңірлер арасында салғастырымды

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы –коэффициент/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны көрсеткіштері бойыншасерпінді қатарлар 2000 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

S.18 Келісушілік


S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Халықаралық көші-қон статистикасы бойынша ұсынымдар, БҰҰ, 1998ж.

S.18.2 Ішкі келісушілік

2020 жылға халықтың көші-қонына қысқаша талдау жүргізе отырып, теріс көші-қон сальдосы 17,7 мың адамды құрады.

Өңірлер бөлінісінде сыртқы көші-қон сальдосы 2020 жыл, адам



Атап айтқанда, сыртқы көші-қонның теріс сальдосының жоғары мәндері Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қостанай облыстарына тән. Оң сальдо мыналарда байқалады Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласында.

Жас топтары бойынша сыртқы көші-қон сальдосы 2020 жыл, %



2020 жылғы деректер бойынша, эмигранттар негізінен еңбекке қабілетті жастағы халықтың 66% құрайды және еңбекке қабілетті жастағы 32% жас. Оның ішінде жоғары білімі бар халық 36%, техникалық және кәсіптік білім бар 25%. Қазақстаннан ТМД елдеріне эмигранттардың басым көпшілігі Ресейге (97,6%) және Белоруссияға (0,9%) кетеді. Сондай-ақ, Германияға халықтың кетуі тұрақты болып қалып отырғанын атап өткен жөн. Қазақстанға Қытайдан ең көп келді – 1553 адам, Түркия – 312 адам, Ауғанстан - 304 адам және Моңғолия-144 адам. Сондай-ақ, соңғы бес жылда осы елдермен бізде көші-қонның оң сальдосы сақталуда.

S.19 Жүктеме

ҚР келуші және кетуші азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқтар тұрақты тұруға тіркелу және тіркеуден шығуға өтінішті Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қалалық, аудандық көші-қон қызметіне береді. Көші-қон қызметінің қызметкерлері тіркеу немесе тіркеуден шығару кезінде арнайы статистика органдарына арналған статистикалық есепке алу талонын электрондық нысанда толтырады. ҚР азаматтары бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Халықты құжаттандыру және тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - ПМ ХҚЖТТ АЖ) Ұлттық статистика бюросының "Халықтың статистикалық тіркелімі" ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҰСБ ХСТ АЖ) on-line режимде түседі. Шетелдіктердің келуі мен кетуінің статистикалық талондары (бұдан әрі-статталондар) ай сайын белгіленген мерзімде аудандық, қалалық статистика басқармаларына беріледі. Аудандық және қалалық статистика басқармалары, өз кезегінде, статталондардың дұрыс толтырылуын тексереді, қателер немесе толық емес мәліметтер анықталған жағдайда қосымша толтыруға қайтарады. Содан кейін статталондар облыстық статистика департаменттеріне беріледі, онда НАА бойынша деректерді кодтау жүргізіледі, электрондық базаға енгізіледі, логикалық және арифметикалық бақылауға тексеріледі. Бұдан кейін халықтың көші – қоны бойынша қалыптастырылған деректер базасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық - есептеу орталығына (бұдан әрі - ҰСБ АЕО) беріледі, онда республикалық деңгейде логикалық және арифметикалық бақылау, ағымдағы жылға арналған Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес деректерді редакциялау, өңдеу және кестелер шығару жүргізіледі. Содан кейін қалыптастырылған кестелер Ұлттық статистика бюросына беріледі, онда ақпаратты талдау, бекіту және тарату жүргізіледі. 2020 жылы 885,7 мың келу және шығу тіркелген. Алайда, шетелдіктер бойынша деректер ПМ ХҚЖТТ АЖ-ға келген елін енгізу проблемаларына байланысты қағаз статталондар негізінде енгізіледі. Қазіргі уақытта ҚР ПМ ҚР СЖРА ҰСБ- мен келісім бойынша ПМ ХҚЖТТ АЖ-ға тұрақты тұруға жаңадан келген шетелдіктерді дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізуде.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық құралдар мынадай жағдайларда қайта қаралады:

- 1) НҚА-ға өзгерістер енгізу;
 - 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары;
 - 3) статистикалық әдіснаманы халықаралық стандарттарға сәйкестікке келтіру .
- 2020 жылға ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің келу және кету статистикалық талондарында қамтылған деректер

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

ай

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Толтырылған келу және кетудің статистикалық талондарының толықтығын және сапасын бақылау.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Көші-қон туралы деректер кеш келген тіркелімдерді ескере отырып нақтыланады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

S.22 Ескерту

Бұдан әрі деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру